

BURGYLAU

«Бұрғылау»
№1/01 (наурыз 2019)


Құрылтайшы:
130200 «Бұрғылау» ЖШС,
Жаңаөзен қаласы
Өндірістік аймақ
Байланыс телефондары:
8 (72934) 92-400 (7096)

Жоба координаторы:
«Бұрғылау» ЖШС,
әлеуметтік даму бөлімі

Редакция алқасы:
Айжанат Казиева
Ринат Скаков

- 4 – БҰРҒЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАЛЫПТЫ
- 5 – ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ АЛДЫҒЫ ОРЫНДА
- 6 – ӨНДІРІСТІ ТЕХНИКАМЕН ҚАМТУ ӨЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСУДА
- 8 – БҰРҒЫЛАУ ЕРІТІНДІ ДАЙЫНДАУ ЦЕХЫНЫҢ ЖҰМЫС ТАЛАБЫ ЖОҒАРЫ
- 10 – ҚАРА АЛТЫНДЫ ЗЕРДЕЛЕУ – ГЕОЛОГИЯ БӨЛІМІНІҢ ЕНШІСІНДЕ
- 11 – ӨНДІРІСТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ
- 12 – МҰНАЙ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ
- 14 – КЕҢЕС ӨСКЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН ШЫҚҚАНЫНА 30 ЖЫЛ!
- 16 – ӨНДІРІСТІК ҚАМТУ БАЗАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ
- 18 – ЕҢБЕГІНЕ – АДАЛ, ІСІНЕ – БЕКЕМ АЗАМАТ
- 20 – ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАС
- 22 – ӨНДІРІС ПЕН ӨНЕРДІ ҰШТАСТЫРҒАН ЖАН
- 24 – ҒАЖАЙЫПҚА ТОЛЫ – ЖАҢА ЖЫЛ!
- 26 – ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАЛДЫРҒАҒДАРЫ СЫЙЛЫҚҚА КЕНЕЛДІ
- 27 – БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ
- 28 – СПОРТШЫЛАР АЛҒА!
- 30 – ТӨНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Журнал Алматы қаласы,
«GUPPY PRINT» баспаханасында басылып шықты.
Тираж - 95 дана
Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға рұқсат етілмейді.
Редакцияға жолданған материалдарға
рецензия жасалмайды және қолжазба авторға
қайтарылмайды.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!



Міне, 2018 жылды да шығарып салып, жаңа 2019 жылды қарсы алдық. Журналымыздың бұл шығарылымындағы басты мақсат – өткен жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша мәліметтер беру болып табылады. 2018 жыл маңызды жұмыстар мен шараларға толы болды.

Бұрғылау кәсіпорнының даму стратегиясы бойынша бірнеше бағыттар айқындалды. Айта кетер болсақ, олар - қаржылық, клиенттермен қарым-қатынасты жақсарту, операциялық тиімділікті жоғарылату, адами капиталға қаржы бөлу.

Қазіргі уақытта осы алға қойылған мақсаттарымыздың орындалуы басталып та кетті. Мысалы, бизнес процестерді автоматтандыру бойынша «Бұрғылау» ЖШС басқару жүйесі бағытында комплексті бағдарлама құрылды. Яғни, бұрғылау және қосалқы құралдарды пайдалану тиімділігін арттыру жобасы дайындалды. CMMS (Computerized Maintenance Management System) компьютерлік жүйесі енгізілді. Бұл – жөндеу, техникалық қызмет көрсету және тексерістерді басқарып отыруға арналған бағдарламалық жасақтама. Аталған жүйені механика, энергетика бөлімдерінің мамандары өз жұмысында тиімді қолдануда. Шегендеу цехына қайта жөндеуден өткізу жұмыстары жүргізілді. Цехтың кеңейту жұмыстары 2017 жылдың 4 мамырында басталып, қазіргі таңда құрылысы сәтті аяқталуда.

Сонымен қатар, серіктестіктің кәсіподақ ұйымымен үйлесімді түрде әртүрлі маңызды сұрақтар он шешімдерін тауып, мәдени-әлеуметтік шаралар бірігіп ұйымдастырылуда. Кәсіпорынның ұжымдық шарты жанадан бекітіліп, бірқатар он өзгерістер енгізілді. Ұжымдық шарт бойынша барлық әлеуметтік төлемдер уақтылы беріледі. Жұмысшылардың тамақтану, жаз айларында жұмысшы балаларына демалыс ұйымдастыру, әртүрлі мәдени және спорттық шаралар өткізілуде.

Құрметті оқырман! Алда талай асуларды бірігіп өтіп, алға қойылған мақсаттарға жетуге бірге ат салысайық! Сіздерге 2019 жыл - сәтті жыл болсын демекпін!

Мұстахим БЕРКАЛИЕВ,
«Бұрғылау» ЖШС
бас директоры



БҰРҒЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАЛЫПТЫ

көрсетіп тұр. Мысалы, А-50, КРЕМКО-80, УПА-60 секілді құрылғылардың өндірісте көмегі ұшан-теңіз», - дейді Нұрлан Алиев.

Бас директордың бұрғылау жөніндегі орынбасары Нұрлан Алиев – мұнай саласында 2001 жылдан бері еңбек етуде. Жоғары білімді маман Атырау мұнай-газ Институтын тәмамдап, инженер-механик мамандығын алып шықты. Онымен қоса, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде «мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығын игерді. Компанияларда түрлі басшылық қызметтер атқарды. Ал «Бұрғылау» мекемесінде 2018 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. «Ұжым ауызбіршілікпен берілген тапсырманы бұлжытпай орындап отырады. Өткен жылы 12 айға берілген жоспарды бас-аяғы 10 айдың ішінде жүзеге асырдық. 188 ұңғыны ойдағыдай тапсырдық. Ешбір кемшілік болған емес. Қызметкерлеріміз адал еңбегімен мұнай саласына үлес қосып келеді. Жұмысына мықты, әрбір шешімді басшылықпен ақылдаса отырып қабылдайды. Бұл – кәсіпке деген үлкен жауапкершілікті білдіреді. Осы жылы да сол бағытта жалғаса береді деген ойдамын», - деп өткен жылға есеп берді басшы.

Бұрғылау және игеру жұмыстарын атқаратын цехта 660-тан адам қызмет атқарады. 154 инженерлік-техникалық жұмысшы бар. Барлығы білікті де, білгір мамандар. Басшының сөзінше, былтыр 175 ұңғы игерілсе, 4 –і көлбей қазылған. 8 Қиғаш және 1 тереңдетіп қазатын ұңғылар да жұмыстарын сәтті аяқтады. 2018 жылы үш су жаңа IRI-5000 бұрғылау қондырғысы сатып алынды. Оның жоғары тартпалы «Top Drive» технологиясы 2800 метр тереңдікке қазуға мүмкіндік береді. Онымен қоса, канадалық станоктар қатарға қосылды. Заманауи үлгідегі ВЗД, PDC технологиялары қолданысқа берілді. Бүгінде өндірісте 19 бұрғылау қондырғысы жұмысын өнімді жасауда. Мысалы ZJ-20, МБУ-125, Кардвелл-200, IRI-5000 бен HRI-700 секілді соңғы үлгідегі техникалар пайдаланылып жатыр. КРС-те 14 станок қызмет





Болат Аманбаев,
Бас техникалық басқарушы:

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

Аталған бөлім еңбек және өрт қауіпсіздігін, сонымен қатар өндірістегі апаттық жағдайлардың алдын алу мақсатында жұмыстанады. Қазір бұл бағытта 10 маман қызмет етіп жатыр. Олар сақтық ережелерін жүзеге асыру барысында нұсқамалар жүргізеді. Бұрғылау ұнғыларын көтеріп, түсіру жұмыстарында және көшіп-кону кезінде қауіпсіздік шараларына бағынған жөн дейді мамандар. «Былыр қауіпсіздікті күшейту мақсатында «стоп карта» қолданысқа енгізілді. Енді жұмысшылар қандайда бір қауіпті жағдай көрсе, осыны пайдалана алады. Қауіпсіздігі үшін арыз-ұсыныстарын жазады. Біз сол бойынша шара қолданып, салдарын жоюға жұмыстанамыз. Біз үшін ең бастысы – жұмысшы қауіпсіздігі. Қызметкерлер күнделікті жұмысына аман келіп-кетуі тиіс. 2018 жылы 3 жазатайым оқиға орын алды. Қуанышымызға орай, адам шығыны болған жоқ. «Сақтансан - сақтайды» демекші, мекеменің ішкі тәртібіне бой ұсынған жөн. Оқыс оқиғаның алдын алып, әрқашан сақ жүрген

абзал», - дейді бас техникалық басқарушы Болат Аманбаев.

Басшы мәліметінше, мұндағы инженер мамандар әрбір цех қызметкерлерімен жұмыс жүргізеді. Яғни, шегендеу, игеру, өндірістік қамту базасы, аумақтық инженерлік техникалық қызмет бөлімдерінің барлығына түсіндіру жұмыстары өткізіледі. Қауіпсіздікті нығайту жолында квартал сайын командалық штабтық оқу-жаттығу шаралары ұйымдастырылады. Онда өрттен қорғану, оқыс жағдайлар болғанда әрекет ету жолдары көрсетіледі. Сан алуан құрал-жабдықтарды қолдану әдістері де осындай жаттығуларда кенінен насихатталып отырады.

2019 жылғы басты мақсат – қайғылы жайттардың алдын алу болып табылады. Қауіпсіздік мәдениетін көтеру іс-шараларын жоспар бойынша өз мерзімінде іске асырып отыру - негізгі міндетіміз дейді бөлім басшысы.



ӨНДІРІСТІ ТЕХНИКАМЕН ҚАМТУ ӨЗ ДЕНГЕЙІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



Шегендеу цехының басты міндеті – өндірісті арнайы қажетті транспортпен қамту. Бұрғылау жұмыстарын техникасыз елестету мүмкін емес. Сондықтан бұл бөлімнің маңызы зор екендігі айдан анық. Сонымен қатар, өндіріс басында қызмет ететін жұмысшыларды тасымалдауға арналған көліктермен қамту аталмыш бөлімнің міндетіне жатады. Бүгінде мұнда 183-ке жуық техника мен 53 тіркеме (прицеп) бар. «Бұрғылау» мекемесіне қарасты 19 бригада мен 14 игеру цехының барлық техникасын реттестіру, тексеру, бұзылғандарын уақытылы жөндеп қатарға қосу да – күнделікті атқарылатын қызметтер. Мысалы, мамандар күн сайын жоқ дегенде, бұзылған 2-4 техниканы дереу іске қосып жатады.

Мұнда штат бойынша 567 қызметкер еңбек етіп жатыр. Шегендеу цехы төрт бөліктен тұрады. Олар 1,2,3-ші автоколонна және жөндеу-механикалық шеберханасы. Сонымен қатар, инженерлік, диспетчерлік бөлімдер, кіші цемент зауыты және зертханасы бар. Цех басшының айтуынша, 2018 жылғы жұмыстар ойдағыдай орындалған. «177 ұңғы техникамен толықтай қамтылды. Жалпы саны 184 әр түрлі техника жұмыс жасады. Қосымша тіркемелер де қызмет көрсетті. Біршамасы жаңаланды. Қайта жаңғыр-ту жұмыстары жүргізіліп, цех аумағының 5,5 гектар жеріне асфальт төселді. 115 техникаға арналған көліктұрақтар мен шатыр салынды. Онда жылытқыштар бар. Қызметкерлеріміз түнде келгенде боксқа кірмей, техникасын тоқ көзіне қосып қойса таңға дейін жылып тұрады. Қыс мезгілінде бұл өте ыңғайлы. Бұрын мұндай жоқ еді», - деп өткен жылғы атқарылған істерді баяндады.

Көлік жөніндегі атқарушы директор Нұрберген Юсупов – мол тәжірибелі мамандардың бірі. Ол 2007 жылдан бастап өндірістік техникалық бөлімде жетекші геолог болып қызмет атқарды. 2014-2018 жылдары бөлім бастығы болды. 2018 жылдан бері шегендеу цехы және техникамен қамту цехын тізгендеп отыр. Өткен жылы 500 адамдық киіну, жуыну бөлмелері қолданысқа берілді. Жөндеу бокстарының ішіне жылытпа пештері қойылды. Май ауыстыру нысандары толығымен автоматтандырылған. 2019 жылға да жоспарлар аз емес көрінеді. «Алда қызметкерлерімізге демалыс орындарын тұрғызып бергіміз келеді. Олар ауысымға келгенде далада немесе көлікте күтіп отырмаулары үшін арнайы орын болғаны жөн деп есептейміз. Барынша жұмысшыларға қолайлы жағдай жасап жатырмыз. Біз оперативті түрде, жылдам қызмет етуге тырысамыз. Осы жылы мамандарымыздың біліктілігін арттыру мақсатында оқу орындарын ашуды жоспарлаған болатынбыз. Соны жүзеге асырудамыз. Темір ұсталарын кәсіптік мамандыққа дайындауды бастап кеттік. Енді олар автожүргізуші болып, техника тілін меңгеріп жатыр. Бұл әдіс кадр жетіспеушілігін азайтпақ. Қазір білімін жетілдіріп, іске көшіп жатқандар да бар. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, жаңа нәрсені игеріп, үйренудің еш артықшылығы жоқ», - деді Нұрберген Юсупов.

Цехтағы жұмыстың қарқыны жылдам. Қызу кіріскен мамандар өндіріс жұмысына кедергі келтірмей, барлық істі мерзімінде орындап, техникаларды жөндеп жетістіру жолында аянып қалмақ емес. Талапшыл басшылық пен еңбекқор қызметкерлердің арқасында әрбір жыл сәтімен қорытындыланып келеді.





БҰРҒЫЛАУ ЕРІТІНДІ ДАЙЫНДАУ ЦЕХЫНЫҢ ЖҰМЫС ТАЛАБЫ ЖОҒАРЫ

Серіктестіктің өнімді еңбек етіп, өсіп-өркендеуі жолында аталған ұжымдар тыңғылықты да жауапты қызмет көрсетуде. Солардың бірі – Бұрғылау ерітіндісін дайындау цехы.

Бұрғылау ерітіндісін дайындау цехы – бұрғылау саласының маңызды бөлімі. Себебі жер қойнауын қазғанда жан-жағына құм-тастың құламауы үшін жағылатын ерітінді таптырмас құрал. Бүгінде цехта 37 қызметкер бар. Олардың қатарында электрик, дәнекерлеуші, слесарь, ерітінді дайындаушылар бар. Қызметкерлер техно-логтардың сұранысы бойынша ерітінді дайындап береді. Бұрғылауда авариялық жағдай болып жатса, мысалы газ немесе су шығып қалған жағдайда мамандар осы жерден ауыр ерітінді даярлап береді. Яғни, өндірісті химиямен қамтамасыз етеді. Күнделікті жұмыс барысында графит, барит концентраты, биоцидол, акрилды полимер, кальций карбонаты, сода бикарбонаты секілді химиялық заттардан сан түрлі ерітінділер әзірленеді. Дайын болған ерітінділерді тельфер арқылы көліктерге тиеп, бұрғылау басына тасымалдап береді.

Бөлім бастығы Жұма Асабаевтың айтуынша, цехқа жанадан бірнеше өндірістік химия алынған. «Жанадан оптитрол алынды. Бізде айына 2000-3000 куб оптитрол дайындалады. 500 кубке дейін бұрғылау балшығы жасалады. Бұрғылаудан келген ерітінділер өңделіп, қайта өндіріс басына жіберіледі. 2018 жылы берілген тапсырманы ойдағыдай орындадық. Жыл бойына 4000 кубқа жуық ерітінді әзірленді. Қазір де жаңа технология бойынша жасалған бірнеше химикаттар әкелініп жатыр», – деді басшы.

Цех бастығы Жұма Асабаев Бұрғылау мекемесінде 1996 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Ол шегендеу цехында механик, одан соң цех бастығының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған. 2003 жылдан бастап ерітінді дайындау цехында еңбек етуде. Бүгінде ұжымды шеберлікпен басқарып отырған талапшыл басшы. Мұнда білікті де тәжірибелі мамандар қызмет етуде. Олардың қатарында лаборант маман Балданай Омарова, Сәтжан Айтов, Серік Якубов, Нұржанат Бұхарбаев, жетекші инженер Бакберген Шалабаевтар бар. Жұмыс 12 сағаттық 2 ауысыммен жүреді. Электриктер 8 сағаттық, 5 күндік қызмет атқарады. «Қызметкерлеріміз тәртіпті, өте үлгілі. Осы мамандарымыздың арқасында жұмыс өз деңгейінде жүріп жатыр. Олардың әлеуметтік жағдайларына да әрдайым көңіл бөлініп отырады. Бас технолог Серік Сақиев, бас директордың бұрғылау жөніндегі орынбасары Нұрлан Алиев, Мұрат Балшанов секілді басшыларымыздың тапсырмасымен бірлікте жұмыс жасап келеміз. Экономика жағынан Бақытжан Маткерұлы қол ұшын береді. Барлығына алғыс білдіреміз!

Алдағы жылы да толағай табыстарға жетеміз деген үміттемін», - деп, ізгі ойын білдірді басшы. «Көреген басшы елді өсіреді» демекші, ұжымның ізгі іске үлес қосып, мемлекетіміздің қарыштап дамуына септігін тигізуі де басшылыққа тікелей байланысты екені осыдан білінеді.




ҚАРА АЛТЫНДЫ ЗЕРДЕЛЕУ – геология бөлімінің еншісінде

2018 жылы 175 тік және көлбей қазатын 4 ұңғыма өнімді жұмыс істеді. Сонымен қатар, 9 ұңғыма тереңдету әдісімен және 7 қиғаш қазу тапсырылды. Геология бөлімі басшысының сөзінше, жұмыс жоспарға сәйкес орындалды: «Әдетте, біз ешқандай ауытқулар болдырмауға тырысып бағамыз. Былтыр дйттеген межеге жетіп, барлығын ойдағыдай атқардық деп сенімді айта аламыз. Қарамағымдағы жұмысшыларыма ризамын. Мамандарымыз «бір женнен кол, бір жағадан бас шығарып» қызметке жұмыла кірісіп келеді. Алдағы уақытта да ылайым солай болады деп ойлаймын. Өйткені, «бірлік бар жерде – тірлік бар» екені баршамызға белгілі», - деді бас геолог Мәтжан Назымов.

Бөлім басшысы Мәтжан Исаұлы - өз саласындағы білгір де озат кәсіп иелерінің бірі. Ол еңбек жолын 1989-1992 жылдары Кеңес Одағы кезінде Норильск қаласында орталық арктикалық геологиялық-барлау экспедициясында геолог мамандығынан бастаған. 1992 жылдан бастап Жөндеу ЖШС-да геолог қызметін атқарды. 2003 жылы Бұрғылау және ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасында (УБиКРС) бас геолог болды. 2007 жылдан бері «Бұрғылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде еңбек етіп келеді. Тәжірибелі маман әріптестерімен өз білгенін бөлісе біледі. Өзара білім алмасып, бірін-бірі толықтырып отыруды жөн санайды. Сонда ғана мықты мұнайшы болуға жол ашылады дейді. Геология бөлімінде жетекші геолог Аманбек Абаев, аға геолог Айдарбек Айзақов, инженер-геолог Нұртас Ақгушаков пен Болғанай Толесинова сынды мамандар қызмет етуде.



Қызметкерлер осы жылғы жоспарды орындауға білек сыбана кірісіп кетті. Бөлім қазіргі таңда 177 тік ұңғыма мен 6 тереңдетіп қазуды межеге алып отыр. Басты міндет – ешбір ауытқушылыққа жол бермей, жұмысты берілген мерзімге дейін орындап шығу. Маңызды іске бей-жай қарамайтын мамандар жұмыстарын тынғылықты атқарып, тағы бір сәтті жылды тәмамдауды көздейді. «Алда біраз мақсаттар мен тынымсыз еңбекке толы күндер күтіп тұр. Маңызды жәйт – «Бұрғылау» мекемесінің өсіп-өркендеуіне үлесімізді қосып, компанияның одан әрі дамуына ықпал ету. Сондықтан келешекке кемел сеніммен қараймыз!», - деді басшы.



ӨНДІРІСТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Өндірістік техникалық бөлімнің негізгі міндеті – өндіріс жұмыстарын бақылау. Күнделікті қызмет барысында техникалардың тұрып қалмауының алдын алу шараларын жүргізеді. Бұрғылау бойынша техникалар мен технологияларды одан әрі дамыту шараларын ұйымдастырады. Атқарылып жатқан жұмыстар бойынша басшылыққа дер кезінде есеп беріліп отырады. Бөлім басшысы Жалғас Молбаевпен бірге мұнда Айбек Мұқанов, Нұрболат Балғынбаев және Саки Тәжіғұлов сынды инженер мамандар қызмет етеді. Инженерлер су мен газ, жылу көрсеткіштерін есептейді. Олардың қаражатын өткізу де осы бөлімнің жауапкершілігінде. Өндірістік техникалық бөлімі серіктестіктің жоспарын қадағалайды.

2018 жылға жоспарланған жұмыстар 100% орындалды. Тапсырыс берушінің ұсынысына орай, 175 тік, 4 көлденең ұңғыма және 8 екінші оқпан қазылды. 1 ұңғыма тереңдету бағытымен қазылған.



Сондай-ақ, 125 ФЛС жасалды. Айына бір рет тұрақты түрде шеберлер күні өткізіліп отырды дейді бөлім басшысы. «Шеберлер күнінде мекеменің айлық жоспарын талқылаймыз. Жұмыстың кестеге сай орындалып жатқандығын анықтаймыз. Қанша ұңғыма тапсырылды, қандай кемшіліктер орын алды дегендей. Әр бригада шеберлері өз кемшіліктерін ортаға салып, керек нәрселерін айтады. Арыз-шағымдар тыңдалып, шешу жолдары талданады. Одан соң келіп түскен ұсыныстар хаттамаға тіркеліп, ары қарай каралады. Біз мамандарға қажетті заттарды жетістіру бойынша жұмыстанамыз. Бригадаларды керек-жарағымен уақытылы қамтып отырамыз», - дейді Жалғас Молбаев.

Өндірістік техникалық бөлім қызметкерлері қандай да бір техника істен шығып қалса, сол бағыт-



та анализ жүргізеді. Қашан және қанша уақыт тұрып қалғандығына дейін анықтап, зерттейді. Яғни, кемшіліктермен жұмыс жасайды. Қателіктерге бой алдырмауға тырысады. Сонымен қатар, еңбек шартындағы ережелерді бұзғандарға шара қолдану да аталған бөлімнің құзыреттілігінде. Олар мекеменің қалыпты қызметтен тыс кетпеуі жолында аянбай еңбек етуде. Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жұмысқа жана әдіс-тәсілдерді енгізу мақсатында қызмет атқарады. Бұнымен қоса, мамандар өзге мекемелерден жұмыс бабы бойынша келген хаттарға жауап беріп отырады.

2019 жылы жоспар бойынша 177 ұңғы қазу, 6 тереңдету мақсатқа алынып отыр. Бөлім бастығы осы жылды өткен жылдағыдай табысты да сәтті тамандаймыз деп сенеді. «Біздің бөлімнің қызметкерлеріне көңілім әбден толады. Айтқан тапсырмамды екі етпей, уақытында орындап тұр. Жұмыстарына сақ. Өздерін жақсы қырынан көрсете білген білікті мамандар деп толықтай айта аламын. Ұжым ауызбіршілігінің арқасында жұмыс жоғары деңгейде жүріп жатыр. Мақсатымыз – берілген істерді тиянақты, мерзіміне сай, үлкен жауапкершілікпен жүзеге асыру», - деді басшы.





МҰНАЙ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

«Бұрғылау» мекемесінде біраз жылдар бойы еңбек етіп, өндіріске маңдай тері сіңген мамандар қатары көп. Солардың бірі де, бірегейі – өндірістік қамту базасының диспетчері Қалпақбай Икзекөв. Өмір жолын мұнай саласымен ұштастырған жан өз кәсібінде елеулі жетістіктерге жетті.

Қалпақбай Жұмаұлы 1964 жылы 15 мамырда Түркіменстан Республикасында дүниеге келген. Әкесі Жұма Икзекөв (1917-1983ж) – Ұлы Отан соғысының ардагері. Маршал Рокоссовский әскерінің құрамында, Балтық жағалауы елдерін неміс-фашист басқыншыларынан азат ету шайқастарына қатысқан. Анасы Дәмелі Шабытқызы (1924-1983ж) үй шаруасында болған жан. Кейіпкеріміз 1971 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1981 жылы Жаңаөзен қаласы, Қызылсай ауылындағы №4 орта мектепті үздіктер қатарында бітіріп шықты. Сол жылы күзде «Бұрғылау жұмыстары басқармасына» қарасты өндірістік қамту базасының №2 цехына жөндеуші болып жұмысқа орналасты. 1982-1984 жылдар аралығында Кенес армиясы қатарына алынып, азаматтық борышын атқарған. Әскерден оралған соң бұрынғы қызметі, яғни №2 цехына жұмысқа орналасады.

Отбасына келер болсақ, Қалпақбай Икзекөв жан жары Гүлайым Жәумітбайқызымен екі ұл, қос бірдей қыз тәрбиелеп өсірген ата-аналар. Жұбайы ұзақ жылдардан бері «Өзенэнергомұнай» басқармасында еңбек еткен болса, қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ аппаратында энергетика департаментінде инженер-энергетик болып қызмет етеді.

Қалпақбай Икзекөв 1982-1987 жылдар аралығында «Алматы Энергетика институтын» үздік бітіріп, диплом алып шыққан. Жұмыс істеп, еңбектен қол үзбей жүріп 1991-1994 жылдары Жаңаөзен мұнай техникумында білімін жетілдіре түсті. 2002-2006 жылдары Ақтау қаласы, «Болашақ» институтында сырттай оқып, «Тау-кен инженері» мамандығын алып шығады. 2003 жылы өндірістік қамту базасының диспетчерлік қызметіне ауысқан. 2009-2010 жылдары сол базадағы құрал-сайман аланының бөлім басшысы болып еңбек етті. Қазіргі таңда өндірістік қамту базасының ішінде еңбек өтілі ең көп мамандардың қатарында мұнай-газ саласының өсіп өркендеуі жолында тынбай еңбек етіп жүр. «Бұрғылау» ЖШС мұнайшының ұзақ жылдардан бергі еңбегін ескере отырып, қазақ жерінде Атырау облысы, «Қарашүңгіл» кәсіпшілігінде тұңғыш рет мұнай шығу құрметіне орай, «Қазақстан мұнайына - 100 жыл»



төсбелгісімен марапаттады. Кәсіпорында 2010 жылы «Мұнайшылар күні» мерекесіне орай, 2012 жылы мұнай-газ саласындағы еселі еңбегі үшін «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні» мерекесінде ұзақ жылдар бойы өндірістің өркендеуіне жасаған қызметіне «Құрмет тақтасына» енгізілді. Өзен кен орнын игеруге қосқан үлесі үшін және «Бұрғылау» мекемесінің (1965-2015) 50 жылдық мерекелік медалімен марапатталды. «Бұрғылау-50» мерейтойлық жинақ кітабында «Бұрғылауда» қолтанбасы қалғандар...», яғни көп жылдардан бергі еңбегі еленген мұнайшылар қатарында тұр.

Жаңаөзен қаласының 50 жылдығына орай, қаланың дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі үшін «Жаңаөзен қаласына - 50 жыл» мерейтойлық медалін иеленді. Ол қызметі жайында: «Өндірістік қамту базасының негізгі жұмысы - ОИТҚ және АИТҚ-дан түскен сұраныстарды, сонымен бірге бұрғылау күрделі жөндеу бригадаларынан істен шыққан құрылғыларды жөндеп (насос, редуктор, вертлюг, гидроротор, турбобур, превентор, ротор) қайтадан іске қосып, бұрғылау процесінің тоқтап қалмай, кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Ауысым инженер-механигі Ералы Арысовтың басқаруымен жөндеушілер Арман Өтешов, Қуаныш Сағындықов, Катрен Байбосынов, дәнекерлеуші Жанғазы

Сердалиев, темір жонушылар Жексенбай Мурзағалиев, Ахмет Дүйсенбаев тағы да басқа өз істерінің шеберлері атанған мамандарымыздың еңбектерінің арқасында ауысымдық тапсырмаларды уақытылы және сапалы орындап береміз. «Елу жылда - ел жаңа» демекші, тұп-тура 50 жылдан кейін Ақтау-Жаңаөзен тас жолы қайтадан салынып жатыр. Халықаралық стандартпен төселіп жатқан тас жолымыз «Кендірлі» демалыс аймағына дейін жақын арада салынып бітсе нұр үстіне нұр болар еді. Бұл тек менің ғана емес, барлық мұнайшылардың, яғни Манғыстау халқының арманы деп білерсіздер», - дей келе Қалпақбай Жұмаұлы өткен жылды қорытындылап, жаңа жылға ақ тілегін жеткізді: «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» дегендей, жуырда Наурыз мейрамы есігін айқара ашқалы тұр. Өткен жылға ешқандай өкпеміз жоқ. Келер жаңа жылдан күтеріміз көп. Атап айтар болсақ, 2018 жылы еліміз үшін ең үлкен тарихи оқиға орын алып, Каспий жағалауында 5 мемлекеттің Президенттері бір үстелдің басында бас қосты. «Ақтау Саммитінде» Каспий теңізінің мәселесі қаралып, мәртебесі анықталды. 27 жыл жүргізілген дипломатиялық жұмыстың нәтижесі ретінде киелі мекен Манғыстауда тарихи құжатқа қол қойылды. Сонымен қатар, былтыр Тәуелсіздігіміздің тірегі, еліміздің жүрегі – Астанаымыздың 20 жылдық мерекесі халықаралық деңгейде аталып өтті. Манғыстау облысының 45 жылдығын, ару қала Ақтаудың 55 жылдығын, жаңарған Жаңаөзеннің 50 жылдық мерейтойын сән салтанатымен жоғары деңгейде тойладық. Жыл бойы қаламыздың елу жылдығын атап өту мақсатында әр түрлі мәдени шаралар ұйымдастырылды. Жаңаөзен қаласының 50 жылдық мерекелік медалімен «Бұрғылау» ЖШС-де 100-ден аса азамат, азаматшалар марапатталды. «Әр қазақ - менің жалғызым» деп Сабыр Адай айтқандай, әрбір жаңаөзендік жерлестеріміздің шаңырағына құт-береке, мол табыс, көтеріңкі көңіл-күй тілеймін! Келе жатқан Наурыз мерекесі құтты болсын! Ақ мол болсын!», - деп сөзін тәмамдады мұнайшы.

Қалпақбай Икзековтың тумаластарымен тойдағы сәті





КЕҢЕС ӘСКЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН

ШЫҚҚАНЫНА 30 ЖЫЛ!

Биыл Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шыққанына 30 жыл толып отыр. Мере-йтойға орай, «Бұрғылау» серіктестігінің басшылығы мекемеде қызмет етіп жатқан ардагерлерді құттықтап құрмет білдірді. Қазір кәсіпорында Ауған, Тәжік соғысының, Семей полигонына, Чернобыль атом-электр станциясының оқиғасына қатысқан барлығы 17 ардагер бар.

Басқосу өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі етіп, Ауған соғысы жайында мәлімет алып, ашық әңгімелесу мақсатында ұйымдастырылды. Соғыстан оралмаған сарбаздарды еске алу мақсатында бір минуттық үнсіздік жарияланды.

Тарих жылнамасында өзінің қаралы жылдарымен орын алған зұлматтың бірі – Ауған соғысы. Жиынға кәсіпорынның ардагер зейнеткерлері Болатбай Карамұрзаев, Өскінбай Қожагелді ағаларымыз қатысып, өздерінің ізгі тілектерін білдірді. Сонымен қатар, «Бұрғылау» ЖШС бас директоры Мұстахим Беркалиев және кәсіподақ төрағасы Сәкен Бекгалыев бұйрыққа бағынған, жат елге аттанудан тайсалмаған жауынгерлерді мерекемен құттықтады. Майданға қатысып, қиын күндерді бастан өткерген ардагерлерді мекеме басшылығы алғыс хатпен және сыйақымен марапаттады.

Бұл соғыс жайлы шындық жылдар бойы өз дәрежесінде айтылмады. Еліміз Тәуелсіздік алған жылдар-

дан бері ақиқат белгілі бола бастады. Осындай ауыр аманат арқалап, өмір мен өлім белдескен шайқаста, батылдық пен ерлік көрсеткен қаһарман жерлестеріміз біздің ортамызда жүр. Басқосуда ардагерлер 10 жылға созылған ауған соғысының зардаптарын сөз қылды. Кеште ардагерлер тарихқа шолу жасады. Өзге елде таулы-тасты жерлерді мекендеп, қиын күндерді бастан кешкен жауынгерлер жас буынға бейбіт күннің қадірін біліп, уақытты тиімді өткізуді ұсынды. Әскери өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген ардагерлер бауырмал болуға, қайырымды істерді көп жасауға шақырды. Аядай қаланың көркеюіне үлес қосып, дамуына жұмыла ат салысу қажеттігін айтты.

Жиналысқа қатысқан қызметкерлер толғандырып жүрген сұрақтарын ортаға салды. Шара барысында толыққанды ақпарат беріліп, тұщымды әңгімелер айтылды. Көрермендер соғыстың мән-жайына қанықты. Бұйрыққа бой сұнып, өзге елге майданға аттанған жауынгерлер ерлігі жас буынның есінде мәңгі сақталмақ.

Қазір Жанаөзенде 185 ауған соғысының ардагері бар. Соғыс жылдарын еске алып, ажал құшқан азаматтардың есімдерін ұлықтауда жыл сайын түрлі шаралар ұйымдастырылып отырады. Қала деңгейінде биыл 30 жылдық аясында жастар арасында спартакиада өткізілді. «Отан үшін күрес – ерге тиген үлес», халықтың осы даналығы қайда жүрсек те, қашанда жүрек дәптерінде, сана сахнасында сақтаулы жүрсе, қазақ баласы азаматтық парызын ақтауды ұмытпас!», – деп ардагерлер шараны қорытындылады.



ӨНДІРІСТІК ҚАМТУ БАЗАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ



Рзабек САРМАНОВ,
Өндірістік қамту
базасының бастығы

«Бұрғылау» ЖШС қарасты өндірістік қамту базасының жұмыс істеу принципі - бұрғылау бригадаларынан келген жабдықтарды, қосалқы бөлшектерді дер кезінде, яғни уақытылы жөндеп береді. 2018 жылы жылдық жоспарды ертерек орындап болған соң, жыл соңына қарай Джайгулов Бр-1, Инербаев Бр-17 бригадаларын толықтай жөндеп, жанғыртудан өткізді. Күрделі жөндеу бригадаларының ішінен Сейтамағанбетовтың О-4, Малмаковтың К-4, Орынғалиевтың О-2 кондырғыларын да жөндеп, іске қосты. Өндірістік қамту базасының басшысы Рзабек Сарманов қызметкерлерінің жұмысына жақсы деген баға береді: «Жанғырту жұмыстарының басы-қасында болып, жөндеу жұмыстарын қадағалап жүрген ӨҚБ-ның аға механигі Наурызбай Иманбаев, ауысым механиктері Ералы Арысов пен Ғани Саназар, Нұрбол Батқанбаев және де Сағымбай Жандостың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, осы бұрғылау кондырғыларын жөндеу кезінде дәнекерлеушілер, жөндеушілер, темір жонушылар ауызбіршілікпен, ұйымшылдықпен қызмет етіп, жұмысты тез арада бітіріп шығуымызға мол септігін тигізді», - дейді басшы.

Өндірістік қамту базасында көп жылдардан бері еңбек етіп, бөлімнің дамуына өз үлестерін қосып жүрген майталман мамандар жетерлік. Дәнекерлеушілерден Жанғазы Сердалиев, Куват Бегджановты атап өтуге болады. Темір жонушылардан Жексенбай Мырзағалиев пен Батыр Жанжігітов өте білікті мамандар. Қалпақбай Икзек, Мұханбет Телягузов сынды диспетчерлер өз тәжірибелерін жастармен бөлісіп жүр. Олар жас мамандарды кәсіптің қыр-сырына үйретуден жалыққан емес. Жастардың өз ісін меңгеріп, білімді болуларына аға буынның ықпалы зор.

ӨҚБ-ның негізгі міндеті - істен шыққан құрылғыларды қайта қатарға қосу. Яғни ротор, редуктор, лебедка, вертлюг, қосалқы бөлшектерін ауыстырып, қайтадан іске қосып, бригадалардың ұнғы қазу процессін тоқтатып қалмай, жұмыс жасауын қамтамасыз ету. Бөлім басшысы: «Жауапты жұмыстарды ӨҚБ-ның инженер-техник қызметкерлері мен жұмысшы мамандары уақытылы және сапалы орындап шығады деп нық сеніммен айта аламын. Себебі, жыл сайын олар компания үмітін ақтап келеді. Ұжым болып



жоспарға сай қызмет атқарып жатырмыз. Алдағы мақсатымыз – бұзылған құрылғы, жабдықтарды дер кезінде жөнге келтіріп, жұмысқа сақадай сай дайын қылуды күшейту. Басқа қызметкерлерге кедергі келтірмеу – басты талаптарымыздың бірі. Әрбір адам өз ісіне асқан жауаптылықпен, ұқыптылықпен қараса барлығы ойдағыдай болады деп есептеймін», - деді.

ЕҢБЕГІНЕ – АДАЛ, ІСІНЕ – БЕКЕМ АЗАМАТ

Мұнай өнеркәсібі – отын өндірісіндегі жетекші рөл атқаратын сала. Сонымен бірге, негізгі стратегиялық шикізат көзі болып есептеледі. Елімізде мұнайды барлау, бұрғылау, өндіріп, өңдеу бағытында көптеген мамандар еңбек етіп жатыр. Олардың қатарында жер жақұтына айналған Жаңаөзен қаласындағы қара алтын өндірісіне ат салысып жүрген Бұрғылау ерітінді дайындау цехының маманы Нұржанат Бұхарбаев та бар.

Нұржанат Бұхарбаев – 1969 жылы Орал облысы, Чапаев ауданында дүниеге келген. Бала кезінде отбасымен Манғыстауға қоныс аударды. Орта білім беретін мектепті бітірген соң, Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанған. 1988-1990 жылдары сарбаздық міндетін атқарып еліне аман-есен оралады. Отбасында алты тумаласты. Әкесі Жапабай Бұхарбаев кезінде мұнайшы кәсібін игерген адам. Жылдар бойы бұрғылау саласында қызмет етіп, маңдай терін төккен. Анасы Бақытжамал Нұржанова да еңбек адамы болды. Мұнайшы отбасында тәрбиеленген соң, бұл кәсіптен хабары бар Нұржанат Бұхарбаевтың өндіріс бағытын таңдауы бекер емес еді. Шыныменде, мансабын шебер менгерген маман жылдар өте іскерлігін дәлелдей білді. Қызметте сәттілік жолдасы болды. Бүгінде өз еңбегімен барша әріптестеріне үлгі. Ол 1992 жылдан бері «Бұрғылау» серіктестігінде тынбай қызмет етуде. Маңдай тері мен адал қызметі үшін мекеменің «Құрмет» тақтасына енді. Кәсіпорынның мерейтойлық кітабы жарық көргенде Нұржанат Бұхарбаевтың еңбек жолы оның беттерінен табылды. Сонымен қатар, «Бұрғылау» ЖШС-ның 40 жылдық мерейтойында медаль тағынды.



Жаңаөзен қаласының 50 жылдығына орай, шаһардың дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін төсбелгімен марапатталған. Бұрғылау ерітінді дайындау цехының маманы бұл жетістіктерге оңай жетпегенін айтады: «Бұрын барлық жұмыс қызметкердің өз қара күшімен жүзеге асатын. Ондай кезеңдерді де бастан өткердік. Оңайға соқпады. Жұмысшыларға қолайлы жағдай жасалмаған болатын. Жуынатын, киім ауыстыратын бөлмелер, дамылдайтын және тамақтанатын орындар жоқ еді. Қазіргі күнді ол кезбен салыстырсақ айырмашылығы жер мен көктей деуге болады. Бүгінде барлығы дерлік автоматтандырылған. Жұмысшы жағдайы алғашқы орындардың біріне шықты», – дейді маман. Кәсіби маманның айтуынша, қазіргі таңда өндірісте техника қауіпсіздігі де өз деңгейінде сақталады. Кәсіптік киімдер, көзілдірік, етік, қолғап – бір сөзбен айтқанда қажетті құралдардың барлығы дер кезінде жеткізіліп отырады. Бұл еңбек процесін барынша жеңілдетуде. Жұмысшылар еш алансыз берілген тапсырманы орындап отыр.

Нұржанат Бұхарбаевтың сөзінше, бұрын химиялық ерітінділерді өз қолымен көлікке тиеп, бар күш-жігерін кәсібіне арнаған екен. Кейін тельфер құрылғысы әкелініп, осы жүк тиегіш арқылы ерітінділерді тиеу жеңілдей түскен. Цехтан күніне 10-15 тонна жүк тасымалданады. Жұмысты тиянақты атқаратын маман қызметін ешбір кемшіліксіз орындап келеді.



Н.Бұхарбаев отбасымен

Өндірістің қазанында қайнап, қаймағын ішкен мұнайшы - отбасында адал жар, мейірімді әке. Зайыбы Бибігүл Тұрарқызымен 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Отанасы жергілікті «Өзенжылу» коммуналды мекемесінде оператор болып жұмыс жасайды. Ұлы Әнуар Жанабаев Ақтау гуманитарлық колледжінен аудармашы мамандығын меңгеріп шықты. Сондай-ақ, Ақтөбе қаласында құрылыс инженері кәсібін оқыды. Қазір жан жары Ләтипа Нұржановамен өз

алдына отау болды. Қызы Мадина Жанабаева Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін инженер-технолог мамандығы бойынша бітірген. Ал шаңырақтың кенжесі – Данияр Жанабаев болса, Алматыдағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің студенті. Айрандай ұйыған жанұя тату-тәтті өмір сүруде. Қазақстан болашағының жарқын болуы жолында аянбай еңбек етіп, келешек ұрпақтың тәрбиелі, иманды болуына бар күштерін салуда.



ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАС

Журналымыздың осы санында жыл қорытындысы бойынша үздік атанған жас мамандарды насихаттауды жөн көрдік. Солардың бірі де, бірегейі «Бұрғылау» серік-тестігінің бұрғышысы – Жансерік Нұрым. Жас та болса өндіріс саласында бірнеше жылдан бері еңбек етіп келе жатқан талапты да жауапты маман мекеменің дамуына өзіндік үлесін қосып жүр. Кейіпкерімізді сегіз қырлы, бір сырлы десек те болады. Ол негізгі қызметімен бірге әншілік өнерді де қатар алып келеді. Бұл бағытта бірнеше марапаттың иегері атанды. Мұнайшының біз білмейтін басқа қандай тұстары бар? Осы бағытта сұхбат жүргізген болатынбыз.

Жансерік, сәлеметсіз бе? Біздің журналға алғаш рет сұхбат берудесіз. Алдымен, өзіңіз жайында қысқаша айтып өтсеңіз...

Ассалаумағалейкум! Өзім туралы айтар болсам, мен 1989 жылы 30 маусымда Жаңаөзен қаласында дүниеге келдім. Отбасында 2 тумаласпыз. Артымнан ерген інім бар. Анам бар. Әкем марқұм болды. Балалық шағымыз ата-анамыздың арқасында алаңсыз өтті. Жергілікті №10 орта мектепте білім алдым. Мектепті бітірген соң, Ақтау қаласындағы «Қайнар» колледжіне 2005 жылы оқуға түстім. Оны 2008 жылы тәмамдап «Бухгалтер және аудит» мамандығын алып шықтым. Қазір үйлі-баранды болдық. Жан-жарыммен қос бірдей ұл және 1 қыз тәрбиелеп отырмыз. Жанұямды бар керегімен қамту жолында еңбектеніп жатырмын.

Түсінікті. Ал, өндіріс саласына қай жылы келдіңіз?

«Бұрғылау» мекемесіне 2011 жылы қызметке орналастым. Әкем де кезінде бұрғышы болған. Өмірін мұнай саласына арнады десем артық айтқаным емес. Мен де әке жолын қуып, өндіріске бет бұруды шештім. Содан бері серіктестікте бұрғышы қызметін атқарып келемін.

Сіздің өнерлі жан екеніңізді естін, көрін жүрміз. Шығармашылықпен қашаннан бері айналысып келесіз?

Ес білгелі ән айтып келемін. Шамамен 9 жасымда болу керек, «Әнші балапан» байқауына қатысып, жүлдегер атандым. Содан шабыттанып, өнеріме қанат бітті десем болады. Кейін колледж қабырғасында жүріп те әншілікті алып жүрдім. Жалпы жанына жақын нәрсемен шұғылдану ерекше әсер сыйлайды. Кейде қиындығын да ұмытып кетесін. «Ән көңілдің ажары» дегендей, кей кездері көңіліңді көтерсе, енді бірде шерінді тарқатып, бір босап қалатын сәттер де болады. Негізгі өнер адамды көп нәрсеге тәрбиелейді. Оны түсіне білу қажет.



Ән айтудан қандай жетістіктерге жеттіңіз? Марапаттарыңыз бар ма?

Түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысып, жүлдегер атандым. Республикалық «Жас қанат», «Жаһан дала» байқауларының дипломанты болдым. Өткен жылы өндіріс мекемелері арасында ән айтудан жарыс өткен болатын. Мен сол байқаудан 2-ші орынды иелендім. Сонымен қатар қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқаным үшін Жаңаөзен қаласының әкімі Әділбек Дауылбаевтың қолынан марапат алдым.

Қазір әншілік өнерді тұрақты алып жүрсіз бе?

Әнші болу – жастайымнан арманым болатын. Жүрегім ән деп соғатын. Кейін ер жете келе отбасын құрып, балалы-шағалы болғасын тіршіліктің қамымен өндіріске келдік. Бүгінде кәсіби әнші болмасам да, әншілік өнерді шет қалдырған емеспін. Өйткені, әнді сүю, оны тыңдарманға жеткізе білу маған ерекше күш береді.

Жұмыс пен шығармашылықтан өзге немен шұғылданасыз?

Бұлардан бөлек атбегілікпен айналысамын. Ат бағу – қазақтың дәстүрінің бірі екенін білесіз. Халқымыздың өмірі жылқы малымен тығыз байланыста болған. Біздерге бұл қанмен берілген қасиет қой. Сондықтан жүрегіме жақын. Жылқы – таза, текті жануар. Оған ерекше күтім қажет. Сол себепті



жүрекпен, айрықша ынтамен баптамаса болмайды. Бұл менің хоббиім десем болады. Табиғатыма жақын. Атқа мініп шапқанда рахаттанып қаламын. Денсаулыққа да пайдасы мол. Тұрысымен спорт. Ат жаратып, бәйгеге қосамын. Онымен қоса, басқа да мал бағамын.

Нағыз қазаққа тән қасиеттеріңіз бар екен! Жарайсыз! Осының барлығына қалай уақыт табасыз?

Әрине, уақыт тапшы. Негізгі қызметім бар. Одан қала берді жақындарыма көңіл бөлу керекпін. Бос уақыт болғанда төрт түлігіме қараймын. Шығармашылығым да кенде қалмауы тиіс. Осының барлығына белгілі бір мерзімді бөліп, ептеп үлгеріп жүрміз.

Алда қандай мақсаттарыңыз бар?

Адамда арман да, мақсат та көп болады емес пе? Бір биікті бағындырсақ, алыстан екіншісі көрінеді. Мақсатым баршылық. Ең бастысы – еліміз аман,

жұртымыз тыныш болса деп тілеймін. Заманымыз – бейбіт болсын! Екіншіден, саналы да салиқалы ұрпақ тәрбиелеуді нәсіп етсін! Біздің балаларымыз иманды, көргенді, білімді, адал болғанын қалаймын. Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында екені айғақ. Сондықтан мемлекетіміздің қай бағытқа дамитаыны патриот, білімді жастарға байланысты. Ұлан байтақ жеріміз аманат.

2019 жыл - жастар жылы деп бекітілді. Жастар жылынан не күтесіз?

Жастар жылынан күтеріміз көп. Биыл барлық қазақстандық жастар жоғары білім алып, үйлі-күйлі болып, елге адал қызмет етсе деймін. Жас буынға қолдау қажет. Оларды демеп, қолпаштаса, үлкен нәтиже көрсетеді. Әрбір жастың қолға алған бастамасы сәтті болса, ұлы даламыз көркейіп, еліміз өркендейді деп сенемін!

Айтқаныңыз келсін! Сұхбатыңызға рахмет! Еңбегіңізге жеміс, шығармашылығыңызға табыс тілейміз!

ӨНДІРІС ПЕН ӨНЕРДІ ҰШТАСТЫРҒАН ЖАН

«Бұрғылау» ЖШС-да Изенов бригадасында бұрғышы көмекшісі болып қызмет атқаратын Жаңаөзен қаласының жас әншісі Еркебұлан Шоқанның шығармашылық ән кеші өтті. Бұл шара орындаушының мұнайлы өлкеміздегі тұңғыш концерті. Кеште өлкемізге танымал әншілер өнер көрсетіп, концерттің шырайын аша түсті. Еркебұлан - қазыналы мекеніміздің таланты биік, талабы зор жастарының бірі. Өнерде Егор Шоқан лақап атымен танымал болып келе жатқан әнші шығармашылық кешінде көрермендердің туындыларымен қуантты. Концерттегі алғашқы әнін анасына арнаған өнерпаз жанашыр жанға ыстық лебізін өлеңмен жеткізді. Ана туралы әнді нақышына келтіре орындаған жас әнші көпке үлгі боларлықтай. Өйткені, дүниеге әкеліп, ақ сүт берген, мейірімін аямай төккен жанның кашанда зор құрметке лайық екендігі белгілі.



Рэп стилінде ән айтуға машықтанған дарынды жастың бір ерекшелігі – көркем туындының сөзі мен әуенін өз жадынан шығарады. Бала кезден өнерге жақын өскен ол есейе келе өндіріс саласына бет бұрғанымен, шығармашылықты да қатар алып келген. Репертуарына 30-ға жуық ән жиналыпты. Солардың басым көпшілігі осы кеште орындалды. Мысалы, «Ұшырып алдым», «Сағынам, қайтейін?», «Бола алмадым бағын?», «Қателеспе» әндері. Концерт көрермендердің көңілінен шықты. Әрбір сырқалған туынды тыңдармандардың жүрегіне жеткені олардың әндерді қосыла шыркап, ырғақпен тербелгендерінен байқалып тұрды. Аталған шығармашылық кешке әдейілеп келгендердің бірі – Ажар Өскенова. «Еркебұлан Шоқанның концерті маған қатты ұнады. Әнінің сөздері өте шынайы жазылған. Өмірде болып жатқан оқиғалардан алынғаны көрініп тұр. Кейбірі сезімге толы болса, енді бірі ойға шомдыратын, салмақты, мұнды әндер екен. Сонымен қатар ырғақты, көңілді туындылары да бар. Осындай талантты жастарды қолдап, тырнақалды кешін ұйымдастырып беріп жатқан «Бұрғылау» мекемесіне айтарымыз тек алғыс. Дарынды жастарға әрдайым демеушілік көрсетіліп отырса деп тілейміз. Себебі, келешек жас буынның қолында екені анық. Еркебұлан секілді жастарымыз сан түрді саланы дамытып, елімізді көркейтеуі тиіс деп есептеймін. Шығармашылығы шыңдала берсін!» - деді тыңдарман. Әсерлі де, әдемі кеште бірнеше жергілікті әншілер өнерлерін паш етті. Олардың қатарында Нұрбай Атамұрат, Данияр Кәрім, Жако, Қаған, Жақау секілді танымал орындаушылар болды.

Әуезді кештің негізгі кейіпкері шығармашылық жолын 2009 жылы бастаған. Осы салада еңбектеніп жүргеніне 10 жылға жуық уақыт болыпты. «Өнер - онай кәсіп емес. Бұл көп еңбектенуді қажет етеді.

Шабыт келіп, қаншама ұйқысыз түндерді өткіздік. Әннің музыкасын шығару, қағазға түсіру, жаздыру да біраз күшті талап ететін дүние. Студиядағы дыбыстау, әрлеу жұмыстары бір бөлек. Осының барлығын отбасылық өмірмен және өндіріс саласындағы қызметпен ұштастыру да оңайға соқпайды. Алайда өнерге деген махаббат осындай қиындықтардың барлығын жеңіп шықты. Шығармашылыққа деген адалдық, шын ниет болса оның жерде қалмайтынына көз жеткіздім», - деді өнерпаз жігіт. Еркебұлан Шоқан келешекте Қазақстанға танымал әнші болуды армандайды. «Өнер сатылмайды, бағаланады» демекші, талантым бағаланса дейді ол. «Бұрғылау» серіктестігі де дарынды тұлғаға толағай табыс, сахна төрінен көрініп, кен қанат жаюды тілейді!


1
Egor Shokhan
2
**РЕП СТУДИЯСЫ
ӘН АҰТАДЫ**
3
**30-ҒА ЖҰЫҚ
ТУЫНДЫНЫҢ АВТОРЫ**

ҒАЖАҒЫПҚА ТОЛЫ - ЖАҢА ЖЫЛ!



Жаңа жыл — балдырғандар үшін қуанышқа толы ең гажайып мерекелердің бірі. Аталған мейрамды асыға күтетін кішкентайлар оның таңғажайып әрі көңілді сәттерінен мол әсер алатыны сөзсіз. «Бұрғылау» компаниясы осынау керемет мерекені қызметкерлер балаларымен бөлісіп, жаңа жылдық шара ұйымдастырды.

Әсем безендірілген шырша. Қызылды-жасылды шамдар. Алуан түрлі ойыншықтар. Осының барлығы бүлдіршіндер үшін таңғажайып сиқырлы әлеммен пара-пар. Балаларға арналған дәстүрлі жаңа жылдық мейрамда бүлдіршіндерге көркіне көз тойарлық шырша қойылды. Көңілді әндер айтылып, шоу бағдарлама көрсетілді. Ерекше кешті түрі мен қимылы қызыққа толы сайқымазақ жүргізіп, балдырғандардың бабын табуға бар күшін салды. Онда сан түрлі ертегі кейіпкерлері өнер көрсетіп, балғындардың көңіл күйін көтерді.



«Бар жаксылык балаларга» демекші, шараға немерелерін алып келген Бибігүл Құралова мерекелік бағдарламаға ризашылығын білдірді. «Мультхикая кейіпкерлерінің өнерлері балаларыма қатты ұнады. Олар кішкентайлармен ойындар ойнап, мерекенің шырайын келтіре білді. Мұндай қойылымдар барша көрермендердің көңілінен шықты деген ойдамын. Біздің мекеме жылда осындай керемет кештер ұйымдастырып келеді. Мұндай үрдіс жыл сайын жалғасын таба берсе екен деп тілейміз!», - деді.

Бағдарлама желісі бойынша заманауи трансформерлер Аяз атаның мекенін жаулап алады. Сөйтіп, мерекенің ең манызды мүшелерінің балалармен қауышуына қарсы болады. Дегенмен, әзілқой сайқымазақ пен өзге де жағымды кейіпкерлердің аркасында Аяз ата мен Ақшақар ортаға келіп, әділдік пен жақсылық орнайды. Осылайша барлық мультхикая жұлдыздары қосыла сауық құрады.

Кеш қонақтарына «Бұрғылау» мекемесі атынан түрлі сыйлықтар берілді. Кішкентайларға ойын-

шықтар үлестіріліп, тарту жасалды. Мәз-мейрам болған балғындар асыға күткен шыршаны қоршай би билеп, Аяз атаға өлең шумақтарын арнады. Әндерін айтып, бар өнерлерін ортаға салды. Айтулы кешке келген ата-ананың бірі Гауһар Табылғанова да өз ойын жеткізді. «Бұрғылау» кәсіпорнында жолдасым жұмыс жасайды. Сондықтан балаларымызды мерекелік шараға әкеліп отырмыз. Бізге өте ұнады. Кеш қызықты да, тартымды өтіп жатыр. Бүлдіршіндер риза. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз», - деді мейрамға арналған жиын қонағы.

Жаңа жылдан әрбір адам жаңа бақыт, шаттық, сәттілік, жаңа мүмкіндіктер күтетіні белгілі. Сол себепті бұл мерекені еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін қуанышпен қарсы алады. Жаңа жылдан әрбір адам бейбітшілік, молшылық, береке-бірлік пен амандық тілейді.

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАЛДЫРҒАНДАРЫ СЫЙЛЫҚҚА КЕНЕЛДІ



Жаңа жыл қарсаңында Жаңаөзен қалалық оңалту орталығының балдырғандарына мерекелік сыйлықтар табысталды. Мекеме орталықтағы 102 тәрбиеленушіні құттықтап, түрлі тәттілермен қуантты. Мұнда бірнеше сипаттағы ерекшеліктері бар бүлдіршіндер тәлім алуда. Жиынға ат салысқан «Бұрғылау» ЖШС директорының орынбасары Думан Мусин және кәсіподақ төрағасы Сәкен Бекгалыев бөбектерге ақ тілектерін айтып, балабақша ұжымының қиын да қызықты қызметіне толағай табыс тіледі. «Оңалту орталығының қызметкерлері өмірлерінің бір бөлшегін көмекке мұқтаж сәбилерге арнап отыр. Әрине, оңай емес. Алайда, өте сауапты, қайырымы мол іс деп есептейміз. Еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер. Осы балалардың дендері сау болып, ертең үлкен азамат болғай! Үміттеріңіз ақталсын!» - деді, Д. Мусин.

Шарадағы мерекелік қойылым ата-аналар мен балалардың көңілінен шықты. Олар би билеп, ән айтты. Балдырлаған тілдерімен тапқатар орындап, көрермендерге шаттық сыйлады. Сонымен қатар, ұқыптылық пен шапшаңдықты қажет ететін ойындар ойнады. Әрбір әнге қол соққан жиналғандар бағдарламаға белсенді қатысып отырды. Ерекше балаларға арналған орталық директоры Жарқын Нұртаева мейрамды бөліскен «Бұрғылау» серіктестігінің басшыларына алғысын жеткізді: «Құрметті, қонақтар! Біздің балабақшаға қош келдіңіздер! Балғындарымызды назардан тыс қалдырмай, сыйлықтар әкеліп жатсыздар. Ұжым атынан үлкен рахмет айтамын! Біздің қызметкерлеріміз тәрбиеленушілерді аяқтан тұрғызып, қатарға қосу жолында аянбай тер төгуде. Осы еңбекті бағалаған мекемелеріңіз табыстан табысқа жетіп, гүлдене берсін! Осылай әрдайым көмек қолын ұсына беріңіздер!» - деді басшы.

«Бала – көздің нұры, өмірдің гүлі» демекші, сәбилерге жасалған жақсылық ешқашан көптік етпейді. Өйткені бала барлығын кішкентай жүрегімен сезіне біледі. Жақсылық көрген бүлдіршін жақсы нәрсеге ұмтылғыш келеді. Сол махаббатты міндетті түрде өзгелермен бөлісетіні анық.

«Бала – көздің нұры, өмірдің гүлі» демекші, сәбилерге жасалған жақсылық ешқашан көптік етпейді. Өйткені бала барлығын кішкентай жүрегімен сезіне біледі. Жақсылық көрген бүлдіршін жақсы нәрсеге ұмтылғыш келеді. Сол махаббатты міндетті түрде өзгелермен бөлісетіні анық.



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Жанаөзен арнайы жалпы білім беретін және мектепке дейінгі ұйымы жана жылдық сыйлықтармен қамтылды. «Бұрғылау» ЖШС басшылары оқу орнының барлық 141 шәкіртіне мерекелік тәттілер табыстады. Бүгінде білім ордасын құттықтау рәсімі дәстүрге айналып отыр. Өндіріс мекемесінің басшылығы жыл сайын жасөспірімдерді назардан тыс қалдырмай, оларға әрдайым көңіл бөліп тұрады. Арнайы мектепте тумысынан ерекше балалар тәрбиеленуде. Оқушылармен білікті де, тәжірибелі педагогтар жұмыс жасап келеді. «Құрметті, ұстаздар!

Оқушылар мен ата-аналар! Сіздерді жана жыл мерекесімен барша ұжым атынан құттықтаймыз! Қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесі мол болсын! Балалардың денсаулықтары мықты болып, сабақтарын жақсы оқысын деген ниет білдіреміз!», - деп «Бұрғылау» кәсіпорны бас директорының орынбасары Д. Мусин ыстық лебізін жеткізді. Сыйлықтарға риза болған шәкірттер мен ата-аналар қонақтарға алғыстарын айтты. Мектеп директоры Ақсәуле Есбайқызы да өз разылығын білдірді.





СПОРТШЫЛАР АЛҒА!

«Бұрғылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі әлем чемпионатында жүлдегер атанған жас спортшыларды марапаттады. Годзюрю каратэшілер Әзірбайжан мемлекетінде өткен додада жетістікке қол жеткізіп, ел абыройын асқақтатып келді.

Бапкерлері Бакытжан Тағаев бастаған бір топ спортшы Бакуде өткен әлем чемпионатынан олжамен оралды. Олар 2 алтын, 4 күміс және 3 қола медаль тағынып, қазақ елінің көк туын биікке көтерді. «Бұрғылау» мекемесінің басшылығы Республикамыздың намысын қорғаған жасөспірімдерге ыстық лебіздерін жеткізіп, құттықтау тілектерін айтты. «Ең алдымен ата-аналарға рахмет айтқым келеді. Балаларды салауатты өмір салтына баулып, осындай биіктерді бағындыруына сіздер басты себепкерсіздер. Әрине спортпен айналысқан өте жақсы. Жасөспірімдердің денсаулықтары үшін пайдасы зор. Болашағы үшін де манызды. Бірақ, мектептегі сабақты ұмытпау керек. «Білімсіз күнін жоқ» - демекші, оқуды да қатар

алып жүрген абзал» - деді компанияның бас директоры Мұстахим Беркалиев.

Шарада қонақтарға ақ дастархан жайылып, құрмет көрсетілді. Спортшылардың ата-аналарына алғыс хаттар табысталып, сый-сияпат жасалды. Өйткені, басты еңбек – балаларға тура жол сілтеп, дұрыс жакқа бағыттай білген әкелер мен аналардікі. Олар мемлекетіміздің болашақ патриоттарын тәрбиелеп, ел бастаушы талапты жас өсіруге баса назар аударып отыр дейді ұйымдастырушылар. Өлкедегі каратэ-до спортының дамуына үлес қосып жүрген бапкердің де еңбегі еленіп, марапатқа ие болды. Қаладағы үздік бапкердің бірі Бакытжан Тағаев жергілікті спортшыларды осыған дейін бірнеше рет халықаралық жарыстарға апарған. Спортқа икемді жастарды шынықтырып, түрлі деңгейдегі додаларда шыңдап, тәжірибелерін арттыру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Жаттықтырушы үмітін ақтаған шәкірттеріне, көмек қолын созған мекемеге ризашылығын жеткізді: «Баку қаласында өткен әлем чемпионатына Жанаөзеннен 7 спортшы қатысты. Барлығы жүлдемен



оралды. Бізге чемпионат онайға соқпады. Себебі жарысқа төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен 500-ден аса спортшы ат салысты. Көпшілігі тәжірибелі спортшылар болды. Әлемдік деңгейдегі сайысқа қатысуға демеушілік білдірген «Бұрғылау» серіктестігіне көп рахмет айтамыз. Бізді қолдап, өнер көрсетуге мүмкіндік жасады. Алдағы уақытта да жастарға қол ұшын береді деп сенеміз», - деді ол.

Әлихан Зинолла есімді жас спортшы аталған додада күміс және қола медальдарды жеңіп алған. Чемпион болуды армандап барған ол, аз ғана бағы жанбай қалғанын айтты. Дегенмен біраз тәжірибе жинап келген. Келешекте бас жүлдені ұтып алуды нысанаға алып отыр. «Менің дайындығым жоғары деңгейде өткен болатын. Байқауға бар күшімді салдым. Алайда І-ші орын бұйырмады. Келесі жолы мақсатыма

жетемін деген ойдамын. Сол үшін бұрынғыдан да күштірек жаттығуым қажет. Мені шынықтырып, дайындап осындай жоғары деңгейдегі жарысқа апарған бапкерлерім Бакытжан Тағаев пен Аманжол Тубировке алғысым шексіз. Сондай-ақ, әрдайым қолдап жүретін ата-аналарыма өте ризамын!» - деді қаратәшші.

Спортшылар келешекте бұдан да үлкен жарыстарға қатысып, шеберліктерін шындай түспек. Айтуларында, ел сенімін ақтап, әлемдік додаларға қатысу басты мақсаттары. Қолдау болса қашанда діттеген межеден шығуды көздейді. Ал «Бұрғылау» мекемесі - қала жастарын әрдайым демеп жүретін бірден-бір кәсіпорын. Мұндай басқосулар жас ұрпаққа шабыт сыйлап, биік белестерді бағындыруға жана күш бермек.

ТӘНІ САУДЫҢ - ЖАНЫ САУ

Спорттың адам өмірінде алар орны ерекше. Спортпен айналысқан жанның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болары хақ. Бүгінгі таңда еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін салауатты өмір салтына жіті мән беруде. Спорттың ұшан-теңіз тиімділігін ескерген «Бұрғылау» мекемесі де түрлі жарыстар ұйымдастыруды жолға қойған. Күнделікті аласапыран жұмыстардан кейін бой жазып, спортпен шұғылданудың жөні бір бөлек.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күні және Тәуелсіздік мерекелеріне орай «Бұрғылау» серіктестігі қызметкерлер арасында бірқатар спорттық сайыстар ұйымдастырды. Қазақ елінің егемендік алу мейрамы салауатты ғұмырды дәріптейтін додадармен атап өтілді. Жарыс алты спорт түрін қамтыды. Олар: қазақ күресі, топтық арқан тартыс, гир көтеру, үстел теннисі, бильярд, армрестлинг. Ұйымдастырушылардың пікірінше, жұмысшылар тек өндірісте, қызмет барысында ғана бас қоспай, спортпен де шұғылданулары тиіс. Бір мезгіл қалыпты кестені өзгертіп, серпіліп алған жөн. Мұндай жарыстар қатысушыларға күш беріп, өндіріске жаңа қарқынмен, тың көзқараспен оралуға септігін тигізбек. Негізгі идея – қызметкерлерді салауаттылыққа ынталандырып, дене тәрбиесіне үгіттеу. Себебі елді ілгері апаратын – сауатты, білімде де дені сау жастар.

Сайысқа ат салысқандар өздерін тағы бір қырынан көрсете білді. Ойында оза шабуға бар күш-жігерлерін салды. Командалар арасында қызуқанды бәсекелестік орнап, спортшылар өз деңгейінде өнер көрсетті. Сонымен қатар, аталған шара топтық жарысқа қатысқандарды ұйымшылдық пен бірлікте әрекет етуге жұмылдырды. Қызметкерлер доданың сәтті өткеніне риза болысты. «Осындай спорттық ойындар мекемемізде әрдайым өткізіліп тұрады. Біз сайыстардың бірін қалдырмай, белсенді түрде спортпен айналысуға тырысамыз. Себебі, спорт – денсаулық кепілі екендігі бәрімізге белгілі. Сондықтан жастың да, үлкендердің де салауатты өмір салтын ұстанғаны абзал. Әсіресе, жас буын уақытты тиімді пайдаланып, сапалы қызмет етуі қажет деп білемін. Мұндай шаралар жиі болып тұрса дейміз» - деді кәсіпорын қызметкері Марат Ысқаков.

Жарыс қорытындысы бойынша, қазақ күресінен Ғабит Күзенбаев 1-орынды жеңіп алды. 2-орынды Нұржан Құламанов иеленді. Жүлделі үштікті Ақылбек Жолмағанбетов тәмамдады. Теннистен Ерболат Исабергенов алтын медаль тағынса, Танат Шораев күмісті еншіледі. Ал Мейрам Еркимбаев қоланы қанағат тұтты. Бильярд ойынында бас жүлдені Нұрболат Боранқұлов ұтып алды. Мәтжан Назымов 2-орынды, Ибраһим Қаржаубайұлы үздік





үштікке ілінді. Гир көтеруден Ақылбек Жолмағанбетов 1-орынды қанжығалады. Танат Шораев 2-ші, ал Нұржан Құламанов 3-орынды місе тұтты. Сондай-ақ, армрестлингтен Асылбек Ұзғамбаев, Асылбек Ақмолдаев және Марат Ысқаковтар жүлделі орындарды иеленді. Командалық арқан тарту ойынында бас жүлде игеру цехына, 2-ші және 3-ші орындар Есіркепов бригадасы мен шегендеу цехына бұйырды.

«Бірінші байлық – денсаулық» демекші, денсаулық адамның ең қымбат дүниесі. Сол себепті тәніміздің саулығы үшін спортпен айналысу ауадай қажет. Спортты айнаымас серігі еткен адамның көңіл-

күйі де көтеріңкі болатынына көз жеткіздім. Өз қатарластарымды дене еңбегімен айналысуға шақырамын. Жарыстарда шынығып, жұмысты бұлжытпай орындайтыныма сенімдімін» - дейді Ибрахим Қаржаубайұлы есімді қызметкер.


Қарсыласын қапыда қалдырып, басып озған жүйріктер марапат төрінен көрінді. Әр жеңімпазға сыйлықтар мен алғыс хаттар табыс етілді. Спорттық шара қызықты да тартысты өтті.




2013-2018 ЖЫЛДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ШЫҒЫНДАР (мың тг.)

Жыл	Әлеуметтік мәдени шаралар	Мед. сақтандыру, емделу	Балаларға жаңа жылдық сыйлық	Балалар лагеріне ж/е жұмысшыларға жолдамалар	Жұмысшыларға материалдық көмек ФОТ есептемегенде	Еңбек демалысына материалдық көмек	Зейнеткерлерге қосымша төлем	Демеушілік көмек, кәсіподақ	Тамақтану	Транспорт (автобус)	Барлығы
2013	119 378	81 481	14 981	158 539	326 370	255 206	11 551		464 120	211 738	1 643 364
2014	131 541	89 373	18 286	191 112	398 235	300 607	18 638		474 340	298 738	1 920 870
2015	165 662	93 232	19 627	186 265	422 349	323 537	19 930	4 030	531 865	291 354	2 057 851
2016	148 912	102 511	21 926	110 487	455 653	434 455	19 403		606 515	209 710	2 109 572
2017	256 979	174 709	22 081	182 737	504 390	361 131	36 250	20 000	628 193	250 801	2 437 271
2018	310 972	237 578	24 775	138 829	540 880	380 703	32 324	24 461	565 263	254 244	2 510 029


2013-2018 ЖЫЛДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР (мың тг.)




ЖҰМЫСШЫЛАРҒА МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК (мың тг.)




МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ, ЕМДЕЛУ (мың тг.)




МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ, ЕМДЕЛУ (мың тг.)




ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН
ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ СЫЙЛЫҚТАР (мың тг.)




БАЛАЛАР ЛАГЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА
ЖОЛДАМАЛАР (мың тг.)




ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ (мың тг.)




ТРАНСПОРТ (АВТОБУС) (мың тг.)




ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕКТЕР, КӘСПОДАҚ (мың тг.)




КӘСПОДАҚ ҰЙЫМЫНА ТӨЛЕНГЕН ЖАРНАЛАР (мың тг.)




ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ФОНДЫ, БАРАЛЫҒЫ (мың тг.)




8 НАУРЫЗ ЖӘНЕ НАУРЫЗ МЕРЕКЕЛЕРІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)



МҰНАЙШЫЛАР МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)



ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ, МЕРЕКЕЛІК СЫЙАҚЫ (мың тг.)

Жыл	ФОТ ж/е аударымдар, барлығы	Мерекелік сыйақы 8 наурыз, Наурыз мейрамы	Мерекелік сыйақы, Мұнайшылар күні	Мерекелік сыйақы, Тәуелсіздік күні
2013	11 384 818,60	142 785	134 518	135 208
2014	13 244 446,40	184 760	174 124	176 913
2015	14 532 953,50	203 619	187 267	186 276
2016	13 667 847,10	215 798	196 482	199 868
2017	19 238 094,90	230 211	211 086	209 959
2018	21 239 412 652	269 392	250 259	249 598





